

«Бекітемін» _____
«Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы
менгерушісі Кубесова Д.К.



«Келісемін» 01.11.2022ж
«Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер Досона Г.З.

**№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасының 2022-2023 оқу жылының
музыкадан ортаңғы тобына ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Музыка жетекшісі: Уразгулова З.А

2022-2023 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022- 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша)

Топ/сынып Ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) Қыркүйек айы 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка I-апта <i>Аптасына 1 сағ</i>	- Музыкалық шығарманы тыңдау және эмоциясын ажырата білуге үйрету. Әннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру. Зер салу, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру
	II-апта	-Ән айту дағдыларын дамытуда сөздерді анық айтуға қалыптастыру;
	III-апта	Ән айтуға деген қызығушылықтарын оятып, ырғақты сезіне білуге дағдыландыру.
	IV-апта	-Музыкалық аспап сыбызғымен және сыбызғы аспабының дыбысталуымен таныстыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка I-апта <i>Аптасына 1 сағ</i>	-; Музыка тыңдауда музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету
	II-апта	-Ән айту дағдыларын дамытуда ре(ми)-ля(си) диапазонында ән айтуға үйрету, дауысын жатықтыру;
	III-апта	- Балалар әр түрлі жанрда орындалған әндерді тыңдап,оның орындалу мәнін ұғыну. Музыка аспаптарымен танысу,оларды ұстап көру. Қалай ойналатынын көру және дыбыстарын тыңдап ажырату.
	IV-апта	-Музыкалық металлофон, барабан аспаптырмен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Музыка I-апта <i>Аптасына 1 сағ</i>	-; Музыка тыңдауда музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбыстарын ажырата білуді жетілдіру
	II-апта	-Өн айту дағдыларын дамытуда барлығымен бір қарқында әнді таза айтуға, әнді барлығы бірге бастап бірге аяқтауға үйрету;
	III-апта	-Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау;
	IV-апта	- Музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка I-апта <i>Аптасына 1 сағ</i>	- Музыка тыңдауда түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру, әннің мазмұнын түсіну;
	II-апта	-Өн айту дағдыларын дамытуда әннің сипатын жеткізе білуге (көңілді, созып, ойнақы айтуға) үйрету;
	III-апта	Балаларға ертегі туралы түсінік бере отырып, ертегі желісі арқылы музыкаға деген қызығушылықтарын одан әрі арттыру.
	IV-апта	-Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка I-апта <i>Аптасына 1 сағ</i>	- Музыкалық аспаптарды қолдану арқылы балалардың музыкаға деген ынтасын, сүйіспеншілігін, белсенділігін, жауапкершілігін арттыру, балаларды ұлттық аспаптармен таныстыру, ұлттық аспаптарды бір бірінен ажырата білуге үйрету.
	II-апта	-Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз релла бірінші октаваның диапазонында ән айтуға баулу;
	III-апта	- Би қимылдары арқылы, буындар қозғалысын, қимыл- қозғалысты жетілдіру, бала бойына қимыл икемділігі мен музыкалық сезімін, музыка ырғағын тусіндіріп қалыптастыру
	IV-апта	-Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка I-апта <i>Аптасына 1 сағ</i>	- Музыкалық шығарманы әртүрлі иллюстрациялық бейнелермен ұғындыру.
	II-апта	-Ән айтуда әннің сөзін түсініп орындауға, көңіл-күйін жеткізе білуге үйрету;
	III-апта	- Әннің мағынасы мен сипатын қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топтық қарымқатынасқа тәрбиелеу, би қимылдары арқылы, буындар қозғалысын, қимыл- қозғалысты жетілдіру, бала бойына қимыл икемділігі мен музыкалық сезімін, музыка ырғағын тусіндіріп қалыптастыру.
	IV-апта	-Металлафон аспабында (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка I-апта <i>Аптасына 1 сағ</i>	- Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету;
	II-апта	-Жеке және топпен ән орындауда дауыс диапазонын жетілдіру;
	III-апта	-Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау;
	IV-апта	-Қазақ халқының сыбызғы аспабының үнін тану, басқа аспаптардан ажырата білу.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка I-апта <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету;
	II-апта	-Ән айтуда , қарқынды ән орындауда бір-бірін тыңдап, естіп орындауға дағдыландыру;
	III-апта	- Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау;
	IV-апта	-Балалар музыкалық аспаптарын ойындарда, қарапайым ырғақ соғуда қолдану.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Музыка І-апта <i>Аптасына 1 сағ</i>	- Музыка тыңдауда балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу;
	II-апта	-Өн айтуда негізгі ережелерді: бірге орындаушыларды, аспаптың сүйемелдеуін, сөздің мағынасын, әннің көңіл-күйін есте ұстап орындауға дағдыландыру;
	III-апта	-Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау;
	IV-апта	-Танып білген музыкалық аспаптарды үнінен ажырата білу.
Нормативтік жүктеме		Аптасына 1 сағат Айына 4 сағат Барлығы 36 сағат